

"Тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау және верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы электрондық ақпарат алмасуды қамтамасыз етудің жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы"

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 124 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3-қосымша болып табылатын "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы" хаттаманың 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. "Тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау және верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы электрондық ақпарат алмасуды қамтамасыз етудің жалпы процесін іске асыру қағидалары" бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2025 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 124 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау және верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы электрондық ақпарат алмасуды қамтамасыз етудің" жалпы процесін іске асыру ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер сәйкес әзірленді Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай халықаралық шарттармен және актілермен:

Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шарт;

Еуразиялық экономикалық одақтың 2017 жылғы 11 сәуірдегі Кеден кодексі туралы шарт;

"Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

"Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Одақ пен оның мүше мемлекеттері (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) үшінші елдермен жасасқан халықаралық шарттар (сондай-ақ осындай халықаралық шарттардың ережелерін дамытатын хаттамалар), онда Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау және верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде осы шарттар тараптарының электрондық ақпараттық өзара іс-қимылы көзделген (бұдан әрі тиісінше – үшінші елмен халықаралық шарттар, ақпарат алмасу, интеграцияланған жүйе).

2. Осы Қағидалар "Тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау және верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы электрондық ақпарат алмасуды қамтамасыз етудің жалпы процесін іске асыру" (бұдан әрі – жалпы процесс) бойынша ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған технологиялық жобалауды орындау және жұмыстарды жоспарлау үшін негіз болып табылады.

3. Жалпы процесті іске асыру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесінің 76-тармағында көзделген.

4. Осы Ереже мүше мемлекеттердің үшінші елмен халықаралық шарттарға сәйкес ақпарат алмасуды іске асыру тәртібін айқындайды.

5. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сертификаттар дерекқоры" – мүше мемлекеттің және үшінші елдің уәкілетті органдары ұлттық деңгейде қалыптастыратын, тауарлардың шығарылған жері туралы электрондық сертификаттарды және (немесе) осындай уәкілетті органдар берген тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттар жөніндегі электрондық мәліметтерді қамтитын дерекқор;

"техникалық шарттар" – үшінші елмен халықаралық шартта көзделген және ақпарат алмасуды іске асыруға қойылатын техникалық талаптарды айқындайтын құжат, оның ішінде сервистердің құрамы, электрондық хабарламалар, деректер құрылымы, қолданылатын анықтамалықтар мен сыныптауыштардың құрамы мен мазмұны, сондай-ақ осындай алмасуға қатысушылар арасындағы ақпарат алмасу тәртібі мен регламенті;

"үшінші ел" – Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекет;

"уәкілетті орган" – мүше мемлекет немесе үшінші ел тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттарды беруге уәкілеттік берген және үшінші елмен халықаралық шарттарға сәйкес айқындалған орган немесе ұйым;

"орталық кеден органы" – мүше мемлекет немесе үшінші ел мемлекеттік саясатты қалыптастыру және нормативтік-құқықтық реттеу функцияларын жүзеге асыруға уәкілеттік берген және (немесе) кеден ісі саласында бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

"тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау және верификациялаудың электрондық жүйесі" – оның шеңберінде сертификаттар дерекқорларын қалыптастыру және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен үшінші елдің орталық кеден органы арасында, сондай-ақ үшінші елдің уәкілетті органы мен мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары арасында тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттардағы мәліметтерді электрондық түрде ұсыну (алу) мақсатында ақпарат алмасуды жүзеге асыру қамтамасыз етілетін таратылған ақпараттық жүйе.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартта, Еуразиялық экономикалық одақтың 2017 жылғы 11 сәуірдегі Кеден кодексі туралы шартта және интеграцияланған жүйені құру және дамыту мәселелері жөніндегі Одақ органдарының актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Жалпы процестің мақсаттары мен міндеттері

Жалпы процесті іске асырудың мақсаттары:

а) Одақ пен үшінші елдер арасындағы еркін сауда аймағы шеңберінде сыртқы сауданы дамытуға жәрдемдесу;

б) тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттың (бұдан әрі – сертификат) түпнұсқалығын, берілгенін және мазмұнын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпарат алмасуға қатысушы мемлекеттердің сыртқы экономикалық

қызметіне қатысушылардың тарифтік преференцияларды заңды алуын растайтын ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету арқылы кедендік операцияларды жүргізу уақытын қысқарту және кедендік бақылау рәсімдерін жеделдету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары кез келген берілген сертификаттың мазмұнын тексеру үшін сертификаттар дерекқорларын құру арқылы халықаралық тәжірибеге сәйкес сыртқы экономикалық қызметте қағазсыз технологияларды пайдалану.

Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет :

- а) сертификаттар дерекқорларын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;
- б) сертификаттар дерекқорларынан мәліметтерді электрондық құжаттар түрінде және (немесе) электрондық нысанда кедергісіз әрі тегін ұсынуды ұйымдастыру;
- в) сертификаттардан мәліметтерді электрондық түрде ұсыну (алу) мақсатында мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен үшінші елдің орталық кеден органдары арасында, сондай-ақ үшінші елдің уәкілетті органы мен мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ету.

III. Ақпарат алмасуға қатысушылар жүзеге асыратын функциялар

8. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпарат алмасуға қатысушылар:

- а) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары;
- б) мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары;
- в) Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия), ол ақпарат алмасуды іске асыруға бағытталған жұмыстарды жалпы үйлестіруді, сондай-ақ Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Комиссияның интеграциялық сегментінің (бұдан әрі – Комиссияның интеграциялық сегменті) үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

9. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы:

- а) мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттардың дерекқорларын орталықтандырылған түрде қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді;
- б) берілген сертификат туралы мәліметтерді сертификат берілген сәтте үшінші елдің орталық кеден органына ұсыну үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне қалыптастырып жібереді;
- в) Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің орталық кеден органында сертификат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алады және өңдейді;
- г) Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің орталық кеден органынан келген сертификат туралы мәліметтерді ұсыну жөніндегі сұрау салуды алады және оны өңдейді;

д) алынған сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес сертификаттар дерекқорынан сертификатты іздестіреді;

е) мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорында берілген сертификат туралы мәліметтерді немесе оның жоқтығы туралы мәліметтерді қалыптастырып, оларды алынған сұрау салуға жауап ретінде үшінші елдің орталық кеден органына ұсыну үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді;

ж) Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің орталық кеден органынан келген мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды алады және оны өңдейді;

з) мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді немесе жаңартулардың жоқтығы туралы мәліметтерді қалыптастырып, оларды алынған сұрау салуға жауап ретінде үшінші елдің орталық кеден органына ұсыну үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді.

10. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде мүше мемлекеттің орталық кеден органы:

а) үшінші елдің уәкілетті органы сертификат берген сәтте ұсынған және Комиссияның интеграциялық сегментінен түскен берілген сертификат туралы мәліметтерді алады және өңдейді;

б) сертификат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қалыптастырып, оны үшінші елдің уәкілетті органына ұсыну үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді;

в) сертификат туралы мәліметтерді ұсыну жөніндегі сұрау салуды қалыптастырып, оны үшінші елдің уәкілетті органына ұсыну үшін Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді;

г) жіберілген сұрау салуға жауап ретінде Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан берілген сертификат туралы мәліметтерді немесе оның жоқтығы туралы мәліметтерді алады және өңдейді;

д) үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды қалыптастырып, оны Комиссияның интеграциялық сегментіне жібереді;

е) жіберілген сұрау салуға жауап ретінде Комиссияның интеграциялық сегментінен үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді немесе жаңартулардың жоқтығы туралы мәліметтерді алады және өңдейді;

ж) үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттардан алынған мәліметтерді электрондық түрде қамтитын ақпараттық ресурсты қалыптастырады.

11. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде Комиссия автоматты режимде:

а) сертификат берілген сәтте үшінші елдің орталық кеден органына жіберу үшін мүше мемлекеттің уәкілетті органынан берілген сертификат туралы мәліметтерді алады ;

б) үшінші елдің орталық кеден органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне түскен сертификат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді;

в) үшінші елдің орталық кеден органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне түскен сертификат туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді;

г) үшінші елдің орталық кеден органына жіберу үшін мүше мемлекеттің уәкілетті органынан берілген сертификат туралы мәліметтерді немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорында оның жоқтығы туралы мәліметтерді алады;

д) үшінші елдің орталық кеден органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне түскен мүше мемлекеттің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді;

е) үшінші елдің орталық кеден органына жіберу үшін мүше мемлекеттің уәкілетті органынан сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді немесе жаңартулардың жоқтығы туралы мәліметтерді алады;

ж) сертификат берілген сәтте үшінші елдің уәкілетті органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне түскен берілген сертификат туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің орталық кеден органына жібереді;

з) үшінші елдің уәкілетті органына жіберу үшін мүше мемлекеттің орталық кеден органынан сертификат туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алады;

и) үшінші елдің уәкілетті органына жіберу үшін мүше мемлекеттің орталық кеден органынан сертификат туралы мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды алады;

к) жіберілген сұрау салуға жауап ретінде үшінші елдің уәкілетті органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне түскен сертификат туралы мәліметтерді немесе үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорында оның жоқтығы туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің орталық кеден органына жібереді;

л) үшінші елдің уәкілетті органына жіберу үшін мүше мемлекеттің орталық кеден органынан үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды алады;

м) жіберілген сұрау салуға жауап ретінде үшінші елдің уәкілетті органынан Комиссияның интеграциялық сегментіне түскен сертификаттар дерекқорынан

жаңартылған мәліметтерді немесе жаңартулардың жоқтығы туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің орталық кеден органына жібереді.

12. Ақпарат алмасу № 1 қосымшаға сәйкес схемаларға сәйкес жүзеге асырылады.

IV. Ақпараттық ресурстар мен сервистер

13. Жалпы процесті іске асыру мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы сертификаттар дерекқорын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді, онда қағаз жеткізгіште ресімделген немесе электрондық құжат түрінде қалыптастырылған сертификаттардың деректемелері туралы құрылымдалған және егжей-тегжейлі ақпарат, сондай-ақ мынадай мәліметтер қамтылады:

- а) мәліметтердің сертификаттар дерекқорына енгізілген күні мен уақыты туралы;
- б) берілген сертификаттың түпнұсқасы туралы (бұдан әрі – сертификаттың түпнұсқасы);
- в) сертификат қағаз жеткізгіште берілген жағдайда берілген сертификаттың телнұсқасы туралы (бұдан әрі – сертификаттың телнұсқасы);
- г) бұрын берілген сертификатта қателер немесе дәлсіздіктер анықталған жағдайда оның орнына берілген сертификат туралы (бұдан әрі – ауыстыру үшін берілген сертификат);
- д) күші жойылған (кері қайтарылған) сертификат туралы (бұдан әрі – күші жойылған сертификат).

14. Сертификаттардың деректемелерінің құрамы үшінші елмен халықаралық шартпен (техникалық шарттармен) айқындалады.

15. Жалпы процесті іске асыру мақсатында:

- а) интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттерінде және (немесе) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелері шеңберінде – осы Қағидалардың 9-тармағында айқындалған мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін электрондық сервистерді енгізу, жетілдіру, баптау және (немесе) қолдану қамтамасыз етіледі;
- б) интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттерінде және (немесе) мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының ақпараттық жүйелері шеңберінде – осы Қағидалардың 10-тармағында айқындалған мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін электрондық сервистерді енгізу, жетілдіру, баптау және (немесе) қолдану қамтамасыз етіледі;
- в) Комиссияның интеграциялық сегменті шеңберінде – осы Қағидалардың 11-тармағында айқындалған Комиссияның функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін электрондық сервистерді енгізу, жетілдіру, баптау және (немесе) қолдану қамтамасыз етіледі.

V. Ақпарат алмасуды жүзеге асыру ерекшеліктері

16. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен үшінші елдің орталық кеден органы арасында, сондай-ақ мүше мемлекеттің орталық кеден органы мен үшінші елдің уәкілетті органы арасында ақпарат алмасу интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының құрамына кіретін сыртқы жүйелермен өзара іс-қимыл кіші жүйесі ұсынатын сервистерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – сыртқы шлюз)

17. Сыртқы шлюз бен үшінші елдің орталық кеден органдары мен уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелері арасындағы ақпарат алмасу техникалық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

18. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпарат алмасу осы Қағидаларда айқындалған талаптарға сәйкес, сондай-ақ мұндай алмасуды реттейтін технологиялық құжаттардың талаптарын және техникалық шарттарды ескере отырып тұрақты негізде жүзеге асырылады.

19. Берілген сертификаттың әрбір түпнұсқасы, сертификаттың телнұсқасы, ауыстыру үшін берілген сертификат берілген сәтте немесе күші жойылған сертификат туралы мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органы оларды сертификаттар дерекқорына енгізгеннен кейін, үшінші елмен келісілген және техникалық шарттарда айқындалған мерзім ішінде Комиссияның интеграциялық сегментіне ұсынылады.

20. Үшінші елдің орталық кеден органының сұрау салуы бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы қалыптастыратын сертификаттар дерекқорынан Комиссияның интеграциялық сегментіне мынадай мәліметтер ұсынылады:

- мүше мемлекеттің уәкілетті органы үшінші елге арнап берген белгілі бір сертификат туралы, оның ішінде күші жойылған сертификат туралы;

- үшінші елге берілген сертификаттардың түпнұсқалары, сертификаттардың телнұсқалары, ауыстыру үшін берілген сертификаттар немесе күші жойылған сертификаттар туралы, олардың мәліметтері үшінші елдің орталық кеден органы сұрау салуда көрсеткен кезең ішінде сертификаттар дерекқорына енгізілген болса.

Бұл ретте сұрау салуды жіберген үшінші елдің орталық кеден органының ел коды мүше мемлекеттің уәкілетті органы сұрау салуға жауап ретінде мәліметтерін ұсынатын сертификат (сертификаттар) берілген елдің кодына сәйкес келуге тиіс.

21. Үшінші елдің уәкілетті органы ресімдеп берген тауарлардың шығарылған жері туралы сертификаттардағы мәліметтерді электрондық түрде қамтитын ақпараттық ресурсты қалыптастыру мүше мемлекеттің орталық кеден органы тарапынан Комиссияның интеграциялық сегментінен келіп түсетін және үшінші елдің уәкілетті органы ұсынатын мынадай мәліметтердің бірінің негізінде жүзеге асырылады:

- а) берілген сертификаттың түпнұсқасы, сертификаттың телнұсқасы, ауыстыру үшін берілген сертификат берілген сәттегі мәліметтер немесе күші жойылған сертификат туралы мәліметтер;

б) мүше мемлекеттің орталық кеден органының сұрау салуына жауап ретінде ұсынылған үшінші елдің уәкілетті органы берген сертификаттар дерекқорынан жаңартылған мәліметтер.

22. Сертификаттың берілген фактісін тексеру мақсатында мүше мемлекеттің орталық кеден органы үшінші елдің уәкілетті органы берген белгілі бір сертификат туралы мәліметтерді ұсыну жөніндегі сұрау салуды қалыптастырып, оны Комиссияның интеграциялық сегментіне жібере алады. Берілген сертификат туралы мәліметтер мүше мемлекеттің орталық кеден органы тарапынан үшінші елмен халықаралық шартта белгіленген сертификат нысанын ескере отырып, сертификат берілген елдің кодын көрсете отырып сұратылады.

23. Ақпарат алмасу шеңберінде берілетін сертификаттағы мәліметтердің құрамы үшінші елмен халықаралық шартпен (техникалық шарттармен) айқындалады.

24. Ақпарат алмасу шеңберінде берілетін электрондық мәліметтердің форматтарына, құрылымына, оларды толтыру қағидаларына қойылатын талаптар, сондай-ақ ақпарат алмасуды іске асыру үшін пайдаланылатын құрылымдардың тиісті техникалық схемалары технологиялық құжаттармен және техникалық шарттармен айқындалады.

25. 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімімен бекітілген Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларына сәйкес жалпы процеске қатысушылардың ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыру ерекшеліктері № 2 қосымшаға сәйкес айқындалады.

26. Ақпарат алмасу шеңберінде берілетін мәтіндік ақпараттың тілдік талаптары үшінші елмен халықаралық шартпен (техникалық шарттармен) айқындалады.

27. Ақпарат алмасуды жүзеге асыру кезінде мүше мемлекеттің жауапкершілік аймағына мыналар кіреді: мүше мемлекеттің ақпарат алмасу қатысушысы жүйесінен интеграциялық шлюзге дейін деректерді беру, ұлттық сегмент интеграцияланған жүйесіне дейін қоса алғанда

28. Комиссияның жауапкершілік аймағына сыртқы шлюз, ұлттық сегменттер мен Комиссияның интеграциялық сегменті арасындағы деректер беру арналары кіреді.

29. Комиссия ұлттық сегменттер мен интеграциялық сегмент арасындағы деректер беру арналарының ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

VI. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары

30. Ақпарат алмасу кезінде сертификаттар дерекқорынан берілетін мәліметтер құпия ақпарат ретінде қарастырылады. Аталған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар үшінші елмен халықаралық шартпен (техникалық шарттармен) айқындалады.

31. Мүше мемлекеттің ақпарат кеңістігінде ақпарат берілген кезде мәліметтерді беру қауіпсіздігі мүше мемлекеттің заңнамасына және осы мемлекет аумағында

қолданылатын ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған техникалық талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

32. Интеграциялық платформа шеңберінде ақпарат берілген кезде мәліметтерді беру қауіпсіздігі интеграцияланған жүйенің ақпараттық қауіпсіздік кіші жүйесі арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

33. Жалпы процессті жүзеге асыру және ақпарат алмасу кезінде электрондық цифрлық қолтаңба (электрондық қолтаңба) қолданылмайды.

VII. Ақпарат алмасуды жүзеге асыруға арналған шаралар

34. Жалпы процесті жүзеге асыру мақсатында Комиссия осы Ереже талаптарына сәйкес технологиялық құжаттарды әзірлейді, сондай-ақ интеграцияланған жүйе кіші жүйелерін технологиялық құжаттар мен техникалық шарттар талаптарына сәйкес жетілдіру және (немесе) баптау жұмыстарын жүзеге асырады.

Жалпы процесті жүзеге асыру мақсатында ұлттық сегменттерге тапсырыс берушілер мен операторлар ұлттық сегменттер ақпараттық жүйелерін технологиялық құжаттар мен техникалық шарттар талаптарына сәйкес жетілдіру және (немесе) баптау жұмыстарын қамтамасыз етеді.


35. Мүше мемлекеттердің орталық кедендік және уәкілетті органдары осы Ереже, технологиялық құжаттар және техникалық шарттар талаптарын орындау мақсатында ұлттық ақпараттық жүйелерді әзірлеу (жетілдіру) жұмыстарын қамтамасыз етеді.

36. Мүше мемлекеттердің орталық кедендік және уәкілетті органдары Комиссияның үйлестіруімен технологиялық құжаттар талаптарын ескере отырып, жалпы процеске қосылу және оны іске қосу рәсімін орындауды қамтамасыз етеді.


37. Жалпы процеске қосылу және оны іске қосу шараларын орындау мерзімдері, соның ішінде үшінші елмен халықаралық келісімдерді жүзеге асыру мақсатында әзірленетін ақпарат алмасуды жүзеге асыру жоспарларында көрсетілген мерзімдер ескеріліп анықталады.

Еуразиялық экономикалық
одақтың мүшелері мен
үшінші елдер арасындағы
тауарлардың шығарылған
жерін сертификаттау және
верификациялау электрондық
жүйесі аясында электрондық
ақпарат алмасуды қамтамасыз
ету жалпы процесін іске
асыру ережелеріне
№ 1 ҚОСЫМША

Тауарлардың шығарылған жерін сертификаттау мен верификациялаудың электрондық жүйесі шеңберіндегі электрондық ақпарат алмасу СХЕМАСЫ



1-інші сурет. Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Евразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық ақпарат алмасудың функционалдық схемасы



2-інші сурет. Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің орталық кеден органы мен Евразиялық экономикалық комиссия арасындағы электрондық ақпарат алмасудың функционалдық схемасы

"Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасында тауарлардың шығарылған жерін электрондық жүйе арқылы сертификаттау және растау шеңберінде электрондық ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін жүзеге асыру ережелеріне
№2 ҚОСЫМША.

"Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасында тауарлардың шығарылған жерін электрондық жүйе арқылы сертификаттау және растау

шеңберінде электрондық ақпарат алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесінің қатысушылары арасындағы ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асыру ерекшеліктері

1. SOAP-конверт блоктарының тақырыптарын толтыру ережелері Сыртқы және өзара сауда интеграцияланған ақпараттық жүйесінде электрондық деректер алмасу ережелеріне сәйкес болуы керек, ол ереже 2015 жылғы 27 қаңтардағы Евразиялық экономикалық комиссия Коллегиясының № 5 шешімімен бекітілген, сондай-ақ сегмент идентификаторлары кестеде көрсетілген тізімге сәйкес толтырылуы тиіс.

Кесте

Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі сегменттерінің сәйкестендіргіштерінің тізбесі

Мақсаты	Домен аббревиатурасы
Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграциялық сегменті	EEC
Еуразиялық экономикалық комиссияның интеграциялық сегменті (сыртқы ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылдың кіші жүйесі)	ISO 3166-1 (alpha-2) стандартына сәйкес үшінші елдің 2 әріптік коды үшінші елдермен және (немесе) олардың интеграциялық бірлестіктерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ортақ процестерді іске асыру кезінде пайдаланылады
Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері	ISO 3166-1 (alpha-2) стандартына сәйкес

2. SOAP конвертінің тақырыптық блогын толтыру мысалы төменде келтірілген:

```
<?xml version="1.0" encoding="UTF-8"?>
```

```
<soap:Envelope xmlns:soap="http://www.w3.org/2003/05/soap-envelope" xmlns:wsa="http://www.w3.org/2005/08/addressing" xmlns:int="urn:EEC:Interaction:v1.0">
```

```
<soap:Header>
```

```
<wsa:To>EAEU://VN/CP/P.EE.01/P.ACT.001</wsa:To>
```

```
<wsa:ReplyTo>
```

```
<wsa:Address>EAEU://RU/CP/P.EE.01/P.EE.01.ACT.002</wsa:Address>
```

```
</wsa:ReplyTo>
```

```
<wsa:Action>int://CP/P.EE.01/1.0.0/P.EE.01.PRC.002/P.EE.01.TRN.002/P.EE.01.MSG.004</wsa:Action>
```

```
<wsa:MessageID>um:uuid:eaddf37f-70db-45ee-9a08-
```

```
542d2c5589c3</wsa:MessageID>
```

```
<int:ProcedureID>um:uuid:f8a30dda-8443-4ef9-a367-c36fa39eelfl/
```

```
urn:uuid:9273bfae-5269-4e0c-83f0-8ce8b7cd75f6</int:ProcedureID>
```

```
<int:ConversationID>urn:uuid:f8a30dda-8443-4ef9-a367-
```

```
c36fa39eelfl</int:ConversationID>
```

```
</soap:Header>
```

```
<soap:Body>
```

```
<!-- құрылымы техникалық шарттармен анықталған қолданбалы деңгей деректері --  
>  
</soap:Body>  
</soap:Envelope>
```

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК